

Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес эмульсиялық өнеркәсіптік жарылғыш заттардың жарылмайтын компонентін сыныптау туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2022 жылғы 8 қарашадағы № 168 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 22-бабы 1-тармағының бірінші абзацына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Құрамында шамамен 74 пайыз селитрасы бар эмульсия болып табылатын (мұнай өнімдері мен эмульгаторлар қоспасында дисперсті аммиак селитрасының сулы ерітіндісі болып табылатын), 60 °C температурада тығыздығы кемінде 1,33 г/см³ болатын, жарылыс жұмыстары үшін қолданылатын өнеркәсіптік жарылғыш заттарды дайындауға арналған эмульсиялық өнеркәсіптік жарылғыш заттардың жарылмайтын компоненті, Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасын түсіндірудің 1 негізгі ережесіне сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасының 3824 тауар позициясында сыныпталады

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

М. Мясникович